4.4.4. Нарықтар мен бәсекелестік

4.4.4.1. Басқару тәсілі

GRI 3-3

Компанияда бәсекелестікке қарсы мінез-құлықты басқару тәсілі құқықтық, этикалық және стратегиялық шаралардың үйлесімін қамтиды. «Қазақтелеком» АҚ басшылыққа алатын Қазақстан Республикасының іргелі заңнамалық актілерінің бірі — «Табиғи монополиялар туралы» Заң.

Компания Табиғи монополиялар субъектілерінің Мемлекеттік тізілімінің республикалық бөліміне енгізілген және «әмбебап қызметтер» операторының функцияларын жүзеге асырады, осыған байланысты оның қызметі мемлекет тарапынан реттелуге жатады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның тарифтік реттеу және табиғи монополиялар туралы заңнаманы сақтау саласындағы қызметі табиғи монополияларды реттеу мен бәсекелестікті қорғау саласындағы уәкілетті орган ретіндегі Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің бақылауымен жүзеге асырылады. Компанияға қатысты монополияға қарсы реттеу және бәсекелестікті қорғау саласындағы өкілеттіктер де Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен іске асырылады.

Лицензиялауды, радиожиілік спектрін бөлуді және техникалық қадағалауды қоса алғанда, байланыс саласындағы қызметті салалық реттеуді Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Телекоммуникация комитеті арқылы жүзеге асырады. Кибер- және ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін министрлік жанындағы Ақпараттық қауіпсіздік комитеті кураторлайды.

GRI 2-27, GRI 206-1

Есепті кезеңде Компанияда монополияға қарсы заңнаманың бұзылуымен байланысты жағдайлар мен бәсекелестікке кедергі келтіруге байланысты Компанияға қатысты өзге де құқықтық әрекеттер тіркелмеген.

76-кесте. 2025 жылғы монополияға қарсы және бәсекелестік заңнамасын бұзу жағдайлары, дана А

Назардағы сала	2025
Бәсекелестікке қарсы мінез-құлықтың расталған жағдайларының жалпы саны	0
Монополияға қарсы және бәсекелестік заңнамасын бұзу жалпы саны	0

4.4.5. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау

«Маңыздылықты талдау» бөлімінде ашылған маңыздылықты талдау нәтижелері бойынша ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау «Қазақтелеком» АҚ-ның маңызды тақырыптарының бірі болып танылды. Маңыздылықты айқындау кезінде Компания мүдделі тараптардың күтулерін, сауалнама нәтижелерін, ішкі сараптаманы, сондай-ақ тақырыптың цифрлық инфрақұрылым тұрақтылығына, қызметтер сапасына, клиенттер сеніміне, реттеушілік сәйкестікке және ұзақ мерзімді құн жасауға әсерін ескерді.

«Қазақтелеком» АҚ үшін бұл тақырып Компанияның ұлттық байланыс операторы ретіндегі рөлін, клиенттік және корпоративтік деректерді өңдеу ауқымын, цифрлық сервистерді, ЖИ-шешімдерді, деректерді өңдеу орталықтары мен желілік инфрақұрылымды дамытуды ескере отырып, маңызды мәнге ие. Ақпараттық қауіпсіздіктің жеткіліксіз деңгейі қызметтердің үздіксіздігін бұзуға, деректер ағуына, реттеушілік салдарларға, беделдік шығындарға және клиенттер, серіктестер мен мемлекеттік органдар сенімінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан Компания ақпараттық қауіпсіздік пен деректерді қорғауды бизнес тұрақтылығының және ұзақ мерзімді құн жасаудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырады.

4.4.5.1. Басқару тәсілі

GRI 3-3, 418-1

Ақпараттық қауіпсіздік қызметі тікелей Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі Басқарушы директордың қарамағында, оған Ақпараттық қауіпсіздік қызметінің Басшысы есеп береді, бұл ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін стратегиялық және операциялық деңгейлерде бақылауды қамтамасыз етеді.

Ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің жұмыс істеу мәселелері Директорлар Кеңесі жанындағы Аудит және тұрақты даму комитетінің қарауына шығарылады. Комитет ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарумен, дербес деректерді қорғаумен, мониторинг пен тексерулер нәтижелерімен, ақпараттық қауіпсіздік жүйесін дамыту бойынша іс-шараларды орындаумен, сондай-ақ заңнама мен Компанияның ІНҚ талаптарына сәйкестікпен байланысты негізгі мәселелерді қарайды. Бұл мәселелерді Комитет деңгейінде қарау Директорлар Кеңесі тарапынан қадағалауды күшейтеді және басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін есепке алуға мүмкіндік береді. АҚ саласындағы негізгі тәуекелдер, инциденттер және іс-шараларды іске асыру бойынша есептілік Компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес Аудит және тұрақты даму комитетіне тұрақты негізде ұсынылады.

Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мәселелерді реттейтін негізгі ішкі құжаттар:

- Ақпараттық қауіпсіздік саясаты.
- «Қазақтелеком» АҚ-да дербес деректерді қорғау саясаты.
- Ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы.

Компанияның ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мәселелерді реттейтін құжаттарымен компания сайтының «Тұрақты даму» бөлімінің «Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау» қосалқы бөлімінде таныса алады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары:

- заңнамалық нормаларды орындау;
- Компания жоғары басшылығының АҚ қамтамасыз ету процесіне тартылуы;
- бизнеске бағдарлану;